

Қамтамасыз етілген цифрлық активтерді шығару және олардың айналымы қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2020 жылғы 29 қазандағы № 407/НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 30 қазанда № 21546 болып тіркелді. Күші жойылды - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің м.а. 30.03.2023 № 117/НҚ бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің м.а. 30.03.2023 № 117/НҚ (01.04.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Ақпараттандыру туралы" 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 7-1-бабының 20-3) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН :

1. Қоса беріліп отырған Қамтамасыз етілген цифрлық активтерді шығару және олардың айналымы қағидалары бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Ақпараттық қауіпсіздік комитеті:
 - 1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;
 - 3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министріне жүктелсін.
4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрі

Б. Мусин

Қазақстан Республикасының

Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі
министрінің
2020 жылғы 29 қазаны
№ 407/НҚ бұйрығымен
бекітілген

Қамтамасыз етілген цифрлық активтерді шығару және олардың айналымы қағидалары

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Қамтамасыз етілген цифрлық активтерді шығару және олардың айналымы қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Ақпараттандыру туралы" 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 7-1-бабының 20-3) тармақшасына сәйкес әзірленді және қамтамасыз етілген цифрлық активтерді шығару және олардың айналымы тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) ақпараттық жүйе – ақпараттық өзара іс-қимыл арқылы белгілі бір технологиялық әрекеттерді іске асыратын және нақты функционалдық міндеттерді шешуге арналған ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың, қызмет көрсетуші персоналдың және техникалық құжаттаманың ұйымдастырылып ретке келтірілген жиынтығы;

2) цифрлық актив – криптография және компьютерлік есептеу құралдарын қолдана отырып электрондық-цифрлық нысанда құрылған, қаржылық құрал болып табылмайтын мүлік, сондай-ақ мүліктік құқықтарды куәландырудың электрондық-цифрлық нысаны;

3) қамтамасыз етілген цифрлық актив – цифрлық токен және қамтамасыз етілген цифрлық актив шығарған тұлға шығаратын (беретін) тауарларға және (немесе) көрсетілетін қызметтерге мүліктік құқықтарды куәландыратын цифрлық құрал болып табылатын өзге де цифрлық активтер жатады;

4) цифрлық токен – мүліктік құқықтарды есепке алуудың, айырбастаудың және куәландырудың цифрлық құралы болып табылатын цифрлық активтің түрі.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын өзге де ұғымдар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қолданылады.

2-тaraу. Қамтамасыз етілген цифрлық активтерді шығару және олардың айналым тәртібі

3. Қамтамасыз етілген цифрлық активті шығару ақпараттық жүйенің иесі немесе меншік иесі мен қамтамасыз етілген цифрлық активті шығаратын тұлға болып табылатын пайдаланушы арасындағы келісімге сәйкес ақпараттық жүйенің иесі немесе меншік иесі қамтамасыз етілген цифрлық активпен

куәландырылатын құқықтары туралы жазбаны ақпараттық жүйеге енгізуі арқылы жүзеге асырылады.

Цифрлық активтерді шығару, олардың сауда-саттығын ұйымдастыру, сондай-ақ цифрлық активтерді ақшаға, құндылықтарға және өзге де мүлікке айырбастау жөніндегі қызметтерді ұсыну жөніндегі қызметті жүзеге асыратын тұлға муліктің меншік иесі немесе қамтамасыз етілген цифрлық активпен куәландырылатын құқықтар тиесілі өзге де тұлға болып табылады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 25.02.2022 № 66/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.

4. Қамтамасыз етілген цифрлық активтің айналымы қамтамасыз етілген цифрлық активтерге құқықтарды куәландыру және оларға көшу, сондай-ақ цифрлық активтерді иеліктен шығаруды, сатып алуды, электрондық ақшаға, құндылықтарға және өзге де мүлікке айырбастауды қоса алғанда, ақпараттық жүйені пайдаланушылар арасындағы келісімге сәйкес ақпараттық жүйеге мәліметтерді енгізу арқылы оларға үшінші тұлғалардың құқықтарымен ауыртпалық салу жолымен жүзеге асырылады.

Ақпараттық жүйеге цифрлық активті немесе оған құқықтарды беру туралы мәліметтерді енгізуге мынадай шарттар орындалған кезде:

1) мәліметтер енгізуді жүзеге асырған тұлға осы Қағидаларда айқындалған тәртіппен цифрлық активтерді шығару, олардың сауда-саттығын ұйымдастыру, сондай-ақ бөлінген деректер платформасында ақшаға, құндылықтарға және өзге де мүлікке цифрлық активтерді айырбастау бойынша қызметтер ұсыну жөніндегі қызметті жүзеге асыратын тұлғаның ақпараттық жүйесіне кіру рұқсаты болған жағдайда;

2) цифрлық активтерді шығару, олардың сауда-саттығын ұйымдастыру, сондай-ақ бөлінген деректер платформасында ақшаға, құндылықтарға және өзге де мүлікке цифрлық активтерді айырбастау бойынша қызметтерді ұсыну жөніндегі қызметті жүзеге асыратын тұлғаның ақпараттық жүйесі Занда белгіленген талаптарға сәйкес келген жағдайда жол беріледі.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 25.02.2022 № 66/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.

5. Ақпараттық жүйенің меншік иесі, иеленушісі және пайдаланушысы деректер валидациясының берілген алгоритіміне сәйкес өзгерістер енгізудің тең құқықтарына ие болады. Бұл ретте өзгерістер ақпараттық жүйенің барлық пайдаланушысында синхрондалады.

6. Қамтамасыз етілген цифрлық актив қаржы құралдарының құқықтарын қамтамасыз етпейді және оны заңды тұлғаға қатысты пайда үлесіне құқықтары немесе басқару құқықтары бар меншік иесіне немесе иеленушіге бермейді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК